ШЖҚ «Облыстық Психикалық денсаулық орталығы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

Хаттама

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша жиналыс

Күні: «07»10.2026 жыл
Қатысқандар: мекеме қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары туралы.
2. Қызметтік міндеттерді орындау барысында заңдылық пен әдеп нормаларын сақтау туралы.
3. Пациенттерден сыйлықтар, алғыс білдіру түріндегі материалдық құндылықтар мен заңсыз сыйақылар алуға жол бермеу туралы.
4. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша жауапты тұлға сөз сөйледі.

Ол өз сөзінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әрбір қызметкердің міндеті екенін атап өтті. Медициналық мекемеде қызметтік міндеттерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, еңбек тәртібін және қызметтік әдеп нормаларын қатаң сақтау қажеттігі түсіндірілді.

Медициналық қызмет көрсету барысында пациенттерден немесе олардың туыстарынан ақша, сыйлықтар, материалдық құндылықтар және заңсыз сыйақылар алуға жол берілмейтіні айтылды. Қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдалануының алдын алу қажеттігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша қызметкерлерге қызметтік әдепті сақтау, мүдделер қақтығысына жол бермеу, азаматтармен қарым-қатынаста әділдік пен ашықтық қағидаттарын ұстану жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша сыбайлас жемқорлық белгілері анықталған жағдайда белгіленген тәртіппен-жауапты тұлғаға немесе тиісті уәкілетті органға хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

Шешті :

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Мекеме қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтасын.
3. Пациенттерден және олардың туыстарынан заңсыз сыйақы, ақша немесе материалдық құндылықтар алуға жол берілмесін.
4. Қызметтік әдеп нормалары мен еңбек тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілсін.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және олардың алдын алу бойынша шаралар қабылдансын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жүктелсін.

Комплаенс-офицер Л.Акажанова